

№18-10-80,1 от 9.06.23

**«Заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы»  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасын талқылау қорытындысы  
бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы  
Қоғамдық палата отырысының  
ҰСЫНЫМДАРЫ**

2023 жылғы 2 маусымда VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палатаның отырысы өтті.

Қоғамдық палата мүшелері «Заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының негізгі ережелерін талқылады.

Қоғамдық палата мүшелері атап өткендей, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген заң жобасы халық пен мемлекетке қажет, оның қоғамдағы өзектілігі, ең алдымен, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру тұрғысынан даусыз.

Тұжырымдамалық тұрғыда, сөз сөйлеген сарапшылардың көпшілігі заң жобасын қолдады. Сонымен қатар оның кейбір нормалары, іске асыру тетігі және рәсімдік сәттер бойынша бірқатар ескертулер мен ұсыныстар айтылды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата мыналарды **ҰСЫНУДЫ** орынды деп санайды:

***Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті (Бас комитет):***

- активтерді ерікті түрде қайтаруды ынталандыру басымдығы және процеске қатысушылардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғау басымдығы қағидаттарын жазаның бұлтартпастығы қағидатына өзгертсін;

- заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару кезінде теріс пайдалану мен асыра сілтеуді болғызбау мақсатында «негізсіз байлық» ұғымының біліктілік өлшемшарттарын белгілесін; мұнда Қылмыстық (ҚК) және Қылмыстық-процестік (ҚПК) кодекстердің қылмыстық, сыбайлас жемқорлық жолымен алынған мүлік жөнінде сөз болып отырғанын айқындайтын нормаларына сілтемелер жоқ, бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабына қайшы келеді, оған сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Бұл ретте заң жобасындағы «үстеме кіріс» ұғымы кірістің экономикалық мәнімен байланыссыз ашылады әрі семантикалық және редакциялық тұрғыдан пысықтауды қажет етеді;

- заң жобасының Комиссия қызметінің ашықтығы мен жариялылығына, тізілімді жүргізуге қатысты нормаларын нақтыласын;

- Арнаулы мемлекеттік қорды және басқарушы компанияны құрудың орындылығын қарастырсын (қаражатты бұрыннан бар бюджеттен тыс қорларға аударуға болады); тұтастай алғанда, Арнаулы мемлекеттік қор құру оны Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорымен де, өзге қорлармен де ажыратуды талап етеді;

- Заңның кіріспесіне онда реттелетін қоғамдық қатынастар тобының, сондай-ақ объектілері мен субъектілерінің нұсқауын енгізсін;

- Комиссия тек субъектілер арқылы ғана емес, сондай-ақ объектілер бойынша да жұмыс істеуге құқылы болуы үшін Комиссияның функцияларын қайтарылуға жататын объектілерді және қайтаруды іске асыру тәсілдерін айқындау жөніндегі өкілеттіктермен толықтыру туралы ұсынысты қарастырсын («жеке меншікке өтудің заңдылығы орынды күмән туғызатын, мемлекетке қайтарылуға жататын объектілердің тізбесін белгілеу»);


- Комиссияның функцияларын «Прокуратура туралы» Конституциялық заңға, ҚР Қылмыстық-процестік кодексіне, «ҚР Ішкі істер органдары туралы», «ҚР арнаулы мемлекеттік органдары туралы», «Жедел-іздестіру қызметі туралы» заңдарға сәйкес келтірсін;

- ықтимал сыбайлас жемқорлықты болғызбау үшін қайтарылуға жататын барлық активтерді тізілімге енгізсін;

- қандай да бір объектіні сатып алу бойынша мәміленің заңдылығын тексеру туралы нормаларды енгізу үшін заң жобасының 17-бабын («Активтерді сатып алу (шығу) көздерінің заңдылығын тексеру») өзгертсін;

- Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Президент туралы», «Прокуратура туралы» Конституциялық заңдармен, ҚР Қылмыстық кодексімен, ҚР Қылмыстық-процестік кодексімен, ҚР Азаматтық кодексімен, ҚР Азаматтық процестік кодексімен және өзге де заңдармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттармен қайшылықтарды жою бөлігінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылатын ведомствосының мәртебесін айқындау мақсатында заң жобасының 6-бабын («Активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органның құзыреті») пысықтасын.

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісі жанындағы  
Қоғамдық палатаның төрағасы**

 **А. САРЫМ**